АДБ Есеп беру механизмінің консультациялық кезеңіне ақпараттық анықтама

“Біз АДБ-нің көмегімен жүзеге асқан жобалардан зардеп шеккен адамдар мен қауымдастықтарды тыңдаймыз.”

ADB

Asian Development Bank

@ 2008 Азия даму банкі
Бұл буклетте айтылған пікірлер авторға ғана тән және міндетті түрде Азия даму банкінің немесе оның Басқарма алқасының немесе олар өкілдік еткен басқарушылардың пікірлері мен саясаттарын білдірмейді.

Азия даму банкі осы басылымда келтірілген деректердің дұрыстығына кепілдік бермейді және олардың пайдаланылунан туындаған салдарға еш жауапты емес.

“Бізге АДБ-нің көмегімен жүзеге асқан жоба өз ықпалын тигізді, бұның біздің фермаларымызды, тіршілігіміздің қайнар көзін, мәдениетімізді, қоршаған ортамызды құлдыратып жіберетіндігін білмедік, біз енді не істейміз?”

Өз проблемаңызды ең бірінші жоба қызметкерлерімен талқылаңыз. Олардың жауабына көңіліңіз толмаса, онда өз мәселеңізді мынаған жолдаңыз:

Арнайы жоба фасилитаторының кеңсесі (АЖФК)

Азия даму банкі
6 ADB Avenue Mandaluyong City 1550
Metro Manila, Philippines
Тел.: (+632) 632-4825 or
Факс (+632) 636-2490
E-mail: spf@adb.org
Website: www.adb.org/spf

Сіздің қауымдастығыңыздан кем дегенде екі адам шағымдану хатын жаза алады.

Шағымды, сонымен қатар, жергілікті ұйым, қауымдастық немесе сіздің қауымдастығыңыздағы басқа бір адамдар тобы жолдай алады.

Кейбіреулерге өздерінің мүдделерін тиянақты білдіру үшін бір уәкілді тағайындау оңай.

- Біз, Арнайы жоба фасилитаторының кеңсесіндегілер, сол проблемалардың қанағаттандырарлық шешімін табу мақсатында сіздің шағымыңызыды тыңдауға дайынбыз.
- Біз АДБ-нің көмегімен жүзеге асқан жобадан зардап шеккен адамдар мен қауымдастық-тарға тәуелсіз форум ұсынамыз.
- Біз жақсы шешімге қол жеткізу үшін барлық мүдделі тараптармен жүргізілетін бірқатар іс-шаралар мен сұхбаттан тұратын Консультациялық кезеңді жүзеге асырамыз.

Жергілікті деңгейде орындаушы орган бар болған жағдайда, сіздің шағымдарыңыз алғашқы кезекте мыналарға жіберілуі керек

Орындаушы орган (ОО)

_____

↓

Атқарушы орган (АО)

_____

↓

АДБ-нің Амалдар басқармасы

_____

↓

Арнайы жоба фасилитаторы-ның кеңсесі (АЖФК)

Есіңізде болсын

АЖФК-не шағыммен келуден бұрын, проблемаңызды жобаға қатысты Орындаушы/ Атқарушы органдардың жоба қызметкерлерімен және АДБ-нің Амалдар басқармасының Жоба инспекторымен талқылап алыңыз:

_____

Корреспонденцияны, кездесу, электрондық пошта және басқа да сұхбаттасу деректерін құжаттап, қоса тапсырыңыз.

“ Арнайы жоба фасилитаторының кеңсесіне (АЖФК) шағым жазуды ұйғарудан бұрын біз не дайындауымыз және шешуіміз керек?”

Біз сіздің шағымыңыз бойынша мүмкіндігінше тиімді шара қолданғымыз келеді. Сол себепті төмендегілерді орындағаныңызға көз жеткізіңіз:

☑ АЖФК-не шағыммен келуден бұрын, проблемаңызды жобаға қатысты Орындаушы/ Атқарушы органдардың жоба қызметкерлерімен және АДБ-нің Амалдар басқармасының Жоба инспекторымен талқылап алыңыз.

☑ Өз тобыңыздың, көршілеріңіздің немесе қауымдастығыңыздың өзге де мүшелерімен сөйлесіңіз. Жағдайды мұқият бағалап, сіз жүздесіп отырған проблема АДБ-нің көмегімен жүзеге асқан жоба себебінен болып отыр ма, соны анықтаңыз.

☑ Сіздердің араларыңыздан қаншамасы зардап шегіп отырғанын және қалай зарар көргенін көрсету маңызды.

☑ Шағымыңызды демеу үшін өздеріңіз көріп отырған зарардың нақты және дәйекті сипаттамаларын жазыңыз. Бұған сіздің тіршілігіңіздің қайнар көзіне, қоршаған ортаға немесе қауымдастыққа тиген теріс ықпалды жазыңыз.

☑ Өз тобыңыздың атын немесе шағымды анықтап алыңыз.

☑ Сіз өз мүддеңізді біреу, мысалы бір ҮЕҰ, жергілікті көшбасшы және т.с.с. білдіруін қаласаңыз, онда сол өкіліңізге құзыретін білдіретін сенімхат беруді ұмытпаңыз.

☑ Шағымданушы мен құзыретті өкілінің атын, байланыс мекен-жайын және басқа да қажетті ақпараты жазыңыз.

☑ Сізге зарарын тигізген АБД-нің көмегімен жүзеге асқан жобаның атын және орналасқан орнын жазыңыз.

☑ Өз атыңызды құпия сақтап қалғыңыз келсе, ол туралы хатта жазыңыз. Барлық мәселе құпия түрде қалатындығына кепілдік береміз.

☑ АДБ-нен қандай іс-әрекет немесе нәтиже күтетіндігіңізді тобыңызбен/қауымдастығыңызбен келісіп алыңыз.

☑ Өз шағым хатыңызды ағылшын немесе өз ұлттық тіліңізде жазыңыз.

ШАҒЫМ ХАТ ҮЛГІСІ

Күні:

Арнайы жоба фасилитаторының кеңсесі
Азия даму банкі
6 ADB Avenue 1550 Mandaluyong City
Metro Manila, Philippines

Тел.: (632) 632-632-4825
Факс: (632) 636-2490
Email: spf@adb.org

Құрметті Арнайы жоба фасилитаторы,

Біз, *[(тобыңыздың атауы) немесе сіздің топ өкілдік берген тұлғаның аты]* _____, аттары мен мекен-жайлары қоса тіркеліп отыр, [*елді-мекен мен мемлекет]* _____ тұрамыз.

Осы арқылы біз Арнайы жоба фасилитаторына осы шағымды жолдаймыз. *[Егерде шағымды өкіл толтыратын болса, онда жобадан зардап шеккен адамдардың атын мекен-жайы мен олардың мүдделерін білдіру құзыретін айғақтайтын құжатты көрсете отырып жазыңыз]*.

1. Біз қазіргі таңда АДБ-нің көмегімен жүзеге асқан жоба салдарынан проблемаға душар болып отырмыз *[жобаның аты мен сипаттамасын анықтаңыз, және жоба орын алып отырған жер мен елді анықтаңыз]*.
2. Біз дүшар болған тікелей зардап/тар мынадай: *[проблеманы сипаттаңыз]*
3. Біз Арнайы жоба фасилитаторынан көмек сұрау арқылы мына нәтиже мен қорғанысты күтеміз: *[не болғанын қалайтындығыңызды, зарарды немесе проблеманы қалай шешуге болатындығын сипаттаңыз].*
4. Біз бұрындары проблемамызды АО/ОО және АБД-нің Амалдар басқармасымен шешуге қадамдар жасаған едік, ол былайша болды: *[корреспонденцияны, кездесу, электрондық пошта және басқа да сұхбаттасу деректерін тізіп, қоса тапсырыңыз]*.
5. Біз өзіміз туралы деректердің құпия болуын сұрамаймыз
   [немесе]
   Біз өзіміз туралы деректердің құпия сақталуын сұраймыз, себебі: *[себебін жазыңыз]*
6. Бізбен былайша байланыса аласыз: *[Сізбен және/немесе сіздің уәкілетті өкіліңізбен қалай кездесе алатындығымыз жөнінде нұсқауды анықтаңыз]*.

_____
Қолтаңба:
Аттар:
Мекен-жайлар:
Басқа да байланысу ақпараттары:
Тел.:
Факс:
Эл. поштасы:

Қосымшалар: (шағым айтушылар мен олардың мекен-жайларының толық тізімі, бар болатын болса, өкілге өкілдік үшін берілген сенімхат)

Шағымға/өтінішке жатпайтын кейбір мәселелер
☑ Алаяқтық және жемқорлық туралы арыз
☑ Тауарларды, қызметтерді және консультациялық қызметтерді сатып алу
☑ Жоба аяқталғандығы туралы есебі бар жобалар
☑ АДБ қызметкерлеріне қатысты

“ Біздің шағым хаттарымыз АЖФК-де жиналғанда не болады?”

1. Хатты алғаннан кейін жеті (7) күн ішінде біз шағымды тіркеп, қабылдағанымыз туралы хат арқылы білдіреміз.



2. 21 күн ішінде сіздің шағымыңыздың заңды күшін анықтаймыз.

- Сіз тиісті АДБ-нің Амалдар басқармасымен және Атқарушы/ Орындаушы бөлімдермен проблемаларды шешу бойынша бірінші жасаған әрекеттеріңізді ұқыптылықпен тексереміз.
- Біз шағымда көрсетілген мәселелерге қатысты тиісті құжаттар мен сараптамаларды зерттейміз.
- Біз сізбен және басқа да мүдделі тараптармен кездесіп, талқылауымыз мүмкін.

3. Шағымның заңды күшке ие екендігін анықтағаннан кейін, біз қайтадан келіп тексеру және бағалау жүргіземіз. Бұл бізге проблеманың мән-жайын, қатысушы тараптарды, сіз күтіп отырған қорғанысты, ең маңыздысы, проблеманы шешу үшін ұсынылып отырған іс-амалдарды анықтауға көмектеседі.

- Шағымды қабылдағаннан кейін, тексеру мен бағалауды аяқтау үшін 49 күнтізбелік күн кетеді.
  Егерде мәселе күрделі болатын болса, оған ұзағырақ уақыт кетуі мүмкін. Алайды, біз бұны сізбен талқылайтын боламыз.

4. Тексеру мен бағалау аяқталғаннан кейін, сізге немесе сіздің өкіліңізге өз зерттеулеріміз бен Рекоммендацияларымызды жібереміз.

5. Осы зерттеулер мен рекоммендацияларды алғаннан кейін, оны тобыңызбен талқылаңыз.

- Өз комментарийлеріңіз бен ұсыныстарыңызды жазыңыз.
- Ұжымды түрде, консультациялық процесті жалғастыру керек пе, әлде жоқ па соны шешуіңіз керек.
- Шешіміңізді бізге жеткізіңіз. Сіз есепті алғаннан кейінгі 14 күн ішінде біз сіздің шешіміңізді Алуымыз керек.
  Егер сіз жалғастыруға қарар берсеңіз,

6. Біз мүдделі тараптардың барлығымен ықтимал жұмыс немесе шешім жоспарын келісеміз.

7. Содан кейін, барлық тараптар проблема шешілгенге дейін осы келісілген жұмыс жоспарын ұстанатын болады.

“Консультациялық процесс қашан тоқтайды?”

Біз барлық тараптар консультациялық процесті тоқтатуға келісім берген уақытқа дейін жалғастыра береміз.

Егерде сіздің келісімге көңіліңіз толмаса, онда өз шағымыңызды Сәйкестік жөніндегі сараптамалық топқа жібере аласыз.
Хатыңызды мына мекен-жай бойынша жолдаңыз

Сәйкестік жөніндегі сараптамалық топ
Хатшысы
Азия даму банкі
Тел.: (+632) 632-4149 or
Факс: (+632) 636-2088
Email: crp@adb.org

АДБ және оның Есеп беру механизмі туралы

АДБ даму бойынша қаржы мекемесі. Оның миссиясы оған мүше елдерге кедейшілікті азайту және өмір сүру ахуалын жақсартуға көмектесу. АДБ, сондай-ақ, саяси сұхбатпен, несиелеумен және техникалық көмекпен қамтамасыз етеді.

Өзіне мүше/серіктес елдерге АДБ-нің қолдауы бірқалыпты оң болуын қамтамасыз ету және Жоба өздеріне теріс ықпал еткен адамдардың шағымдарын шешу үшін АДБ Есеп беру механизмін құрды.

Есеп беру механизмі екі кеңседен тұрады:

- Арнайы жоба фасилитаторының кеңсесінің (АЖФК) рөлі проблемаларды шешу және Консультация кезеңін жүргізу.
- Сәйкестік жөніндегі сараптама тобы ережелердің бұзылуы жөніндегі өтініштерді тергейді. Ол сәйкес болуды қарастыру кезеңін жүргізеді.

АДБ есеп беру механизмінің консультациялық кезеңі

4. Табысты Консультациялық кезең – жобадан зардап шеккен адамдар Атқарушы органмен және АБД-нің Амалдар басқармасымен Жоба пайдасын жүзеге асыру барысында тиімді жұмыс істей алатындығын білдіреді

3. Атқарушы органмен және АБД-нің Амалдар басқармасымен біріге отырып Консультациялық процеске қатысыңыз, жұмыс жоспарын әзірлеңіз

2. Тәжірибеңіздің нақты және дәйекті сипаттамаларын, оның ішінде бұрын-дары Атқарушы органның / АБД-нің Амалдар басқарма-сының жоба қызметкерлерінен көмек сұраған-дығыңыз туралы жазыңыз

1. Өз қауымдасты-ғыңыздың мүшелері-мен әңгімелесуден бастаңыз, проблема АДБ-нің көмегімен жүзеге асқан жобадан келіп отыр ма, соны анықтаңыз

Жобадан зардап шеккен адамдардан келген шағымдарды тиісті дәрежеде шешуге бағытталған іс-әрекетке негізделген диалог.